



**ШАРЫҚТАҒАН – ШАХМАРДАН ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТИ
(YESSENOV UNIVERSITY)**

Толетова Жадра Курманқызы
*Ш.Есенов атындағы университеттің
«қазақ филология» кафедрасының
оқытуышысы*

Білім беру саясаты Қазақстанның алдыңғы қатарлы ЖОО-ның бірі – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Yessenov university). Еліміздегі білім беру саласын дамыту және жаңғыру бойынша прогрессивтік реформалар ЖОО-ның материалдық-техникалық базасының кеңейтілуіне де, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік әлеуетінің жетілдіруіне де қатысты ірі өзгерістердің платформасы болып табылады.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті 1976 жылдың құрылған, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізуде. Көрнекті геолог ғалым, Маңғыстау мен Батыс Қазақстандағы мұнай-газ кенорындарын алғаш ашушы, Лениндік сыйлықтың және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Шаһмардан Есенұлы Есеновтің есімін мәнгі есте қалдыру мақсатында Маңғыстау облысы басшыларының ұсынысымен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 1 шілдедегі №767 Қаулысымен Ақтау мемлекеттік университетіне академик Шаһмардан Есенұлы Есеновтің есімі берілді.

Бұгінгі таңда университетіміз – мемлекеттік аттестациялау мен аккредитациялаудан өткен заманауи ірі университет. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Yessenov university) – аймағымыздағы білім мен тәрбие берудің, ғылым мен мәдениеттің басты орталығы. Университетте мұнайгаз өнеркәсібі, жол көлігі, машинажасау салалары үшін, сондай-ақ педагогика, құқықтану, экономика, ақпараттық жүйелер, стандарттау, қаржы, геология, экология, жылуәнергетика, құрылыш мамандарын дайындау іске асырылады.

Университет – ой-пікірлер аймағы» бұл сандық болашақ мамандарын даярлау саласында тәжірибе және инновациялық шешімдермен алмасу үшін диалог аланын ұйымдастыру. Форум педагогтарды, кәсіпкерлерді, жоғары және қосымша білім беру ұйымдарының басшыларын, сарапшыларды, жергілікті мемлекеттік құрылымдардың өкілдерін – Қазақстанның болашақта білім алуға мүдделі барлық тұлғаларды біріктіреді.



Сондай-ақ жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысы негізгі факторлары біріншіден, жоғары оқу орнының өзіндік ұйымдастырылуы, екіншіден ғылым және оқу саласында студенттердің өзін-өзі басқаруын ынталандыру және студенттердің бос уақытын ұйымдастыру.

Дарынды жастарға қолдау көрсету, студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыру Есенов университетінің Даму стратегиясы жоспарының маңызды бөліктерінің бірі болып табылады.

Жоғары білім берудің оқу бағдарламалары бойынша жүргізілетін сабактардан тыс кезде жастардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту, әлеуметтік белсенділігін арттыру, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында университетте Студенттердің шығармашылығын дамыту үйірмесі қызмет атқарады.

Студенттердің шығармашылығын дамыту үйірмесінде сән студиясы, хореография студиясы, вокал студиясы және жүргізушілер мектебі студенттерге би қимылдарын үйретіп, ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, аз уақыт ішінде хореографиялық қойылымдар – қазак, татар, орыс, украин, өзбек, түркмен, шешен, кәріс халық билерін, балдық, шығыс билерін, заманауи «hip-hop» стилінің бірнеше бағытындағы би қойылымдарын дайындалап, мемлекеттік мерекелерге, мәдени-көпшілік іс-шараларға бұрын мұлде бимен айналыспаған жастарды қатыстырып, кәсіби деңгейде өнер көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Сондай-ақ ұлттық аспаптарда домбыра, қобyz, жетіген, гитара т.б. сияқты үйірмелер студенттерге қазақ мәдениеті, тарихы, рухты ата-бабамыздан қалған әдет-ғұрыпты күй тартуды үйрету сабактары арқылы ұлттық нақышта тәрбие беріледі.

Студенттердің ең епті, белсенді, дарындылары облыстық, қалалық байқауларға қатысып, университеттің мәдени-көпшілік іс-шараларында тұрақты, қызығушылықпен өнер көрсетеді. Бұл Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжинириング университеті (Yessenov university).